

Береги себя: профилактика гриппа для студентов



Осенне-зимний сезон традиционно сопровождается ростом заболеваемости гриппом и острыми респираторными вирусными инфекциями. Студенты находятся в группе риска, так как учёба предполагает тесное взаимодействие с большим количеством людей: занятия в аудиториях, проживание в общежитиях, участие в мероприятиях и активное общение.

Грипп — это не просто «простуда». Он может вызвать серьёзные осложнения, включая пневмонию, обострение хронических заболеваний и ослабление иммунитета, поэтому профилактика имеет первостепенное значение.

Чистые руки — залог здоровья. Гаджеты, книги, дверные ручки — всё это собирает микробы. Мойте руки чаще или носите с собой антисептик.

Свежий воздух решает. В душных аудиториях вирусы распространяются быстрее. Проветривайте комнаты и старайтесь чаще бывать на улице.


Сон и питание важнее, чем кажется. Недосып и питание «на бегу» ослабляют иммунитет. Старайтесь высыпаться и добавлять в рацион фрукты и овощи.

Ощутили симптомы? Насморк, кашель или температура — это сигнал притормозить. Отлежитесь дома и обратитесь к врачу, иначе рискуете заразить друзей и соседей по аудитории.

Прививка от гриппа. В студенческой поликлинике с 15 сентября началась вакцинация от гриппа. Один укол — и иммунитет работает против вируса весь сезон.

Мифы и правда о гриппе
«Грипп — это лёгкая простуда» → Неправда. Грипп — серьёзное вирусное заболевание с риском осложнений.

«Молодёжь не болеет гриппом» → Неправда. Студенты заражаются даже чаще, чем взрослые, из-за высокой контактности.



«Вакцина опасна и вызывает болезнь» → Неправда. Современные вакцины не содержат живого вируса и формируют иммунитет без риска заболеть.

Правда: прививка снижает вероятность заражения и значительно облегчает течение болезни, если вирус всё же попадёт в организм, поэтому приглашаем всех студентов на вакцинацию от гриппа в нашу студенческую поликлинику!

Здоровый студент — активный студент! Тепло одевайтесь, не забывайте про витамин С, пейте больше воды и не перегружайте себя стрессом. Пусть грипп обходит наших студентов стороной.

Айгерим Сагаткали
Врач-эпидемиолог студенческой поликлиники

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Жадыра Арен

Аудармашы
Айтолқын Әмірхан

Дизайнер:
Айнұр Тлешова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Ө.Молдағұлова даңғылы, 34
М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail:
zhubanovpress@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

ҰСТАЗДАР ДИНАСТИЯСЫ

5 қазан – адам жанын ізгілікке баулып, жүрекке жылулық нұрын себетін аяулы тұлға ұстаздардың төл мерекесі.

Қастерлі мамандықтың иесі болу үшін жоғары білім игеруден бөлек, өнегелі өмір тәжірибесін өткеру керек. Осы орайда мұғалімдікті атадан балаға мирас етіп, ұстаздар династиясын қалыптастырып келе жатқан Кенжеғалиевтер әулеті – 5 ұрпаққа дейін жалғасып, еңбек етіп келе жатқан ұстаздар бірлестігі. Династияның жалпы еңбек өтілі 1 ғасырдан астам уақытты құрайды.

Бұл ұлағатты дәстүрді жалғастырып келе жатқан өкілдерінің бірі - Сibaгaтoвa Гүлнар Қазыбекқызы, Жұбанов университетінің кәсіби-шығармашылық факультеті «Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Ұстаздың миссиясы-технологиядан да биік

4-бет

ШЕТЕЛДІК
ТАҒЫЛЫМДАМА
ӨМІРІМДЕГІ ЕРЕК-
ШЕ ТӘЖІРИБЕ

5-бет

Жұбанов университетінің студенті — екі дүркін әлем чемпионы!

13-бет

☑ **Ғылым және инновация**

Асхат Шахаров: «Ғылым өңір экономикасына жұмыс істеуі керек және жаңа технологиялардың қайнар көзіне айналуы тиіс»

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров өңірдің жас ғалымдары және зерттеушілерімен кездесті. Кездесудің басты мақсаты – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық ғылым және технологиялар кеңесінде берген тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша шараларды талқылау және Ақтөбе облысының ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған нақты ұсыныстарды әзірлеу.



Асхат Шахаров Мемлекет басшысы өңірлер алдына нақты міндеттер қойғанын атап өтті. Дәлірек айтқанда, инновацияларды енгізуге жағдай жасау, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту, зерттеушілерді қолдау және өнеркәсіпті технологиялық жаңғыртуға инвестиция тарту.

«Бүгінде экономиканы ғылымсыз дамыту мүмкін емес. Президент биылғы Жолдауында жаңа тәсілдерді талап етіп отыр. Ғалымдарды жай ғана қолдап қоймай, олардың идеяларын нақты өнімдерге айналдырып, бизнес пен өнеркәсіп үшін қажет шешімдер ұсынуымыз керек. Ақтөбеде бұл үшін жақсы әлеует бар – бізде инновацияларды енгізуге дайын ірі кәсіпорындар, дарынды жастар мен мықты жоғары оқу орындары бар», – деді өңір басшысы.

Кездесуге энергетика, экология, цифрландыру, ауыл шаруашылығы және медицина салаларында жобалармен айналысып жүрген жас зерттеушілер қатысты. Олар өндіріс тиімділігін арттыруға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және жаңартылатын энергетиканы дамытуға бағытталған өз жобаларын таныстырды.

Ғылым мен инновацияны дамыту мақсатында 2024 жылдың қыркүйек айында облыс әкімдігі жанынан Ғылыми кеңес құрылып, оның құрамын облыс әкімі өзі бекітті. Кеңеске 11 жетекші ғалым мүше. Бұл алаң ғылыми-практикалық шешімдер әзірлеуге, жас зерттеушілерді қолдауға және инновацияларды енгізу бағыттарын айқындауға арналған.

Ғылыми кеңестің алғашқы отырыстары 2024 жылы желтоқсанда және 2025 жылы сәуірде облыс әкімінің қатысуымен өтті. Нәтижесінде биотехнология, цифрландыру, экология және өнеркәсіп тиімділігін арттыру салаларында басым бағыттар белгіленді. Аталған жұмыстардың нақты нәтижелерінің бірі – 2025 жылы сәуірде Қ. Жұбанов атындағы өңірлік университет базасында молекулалық және жасушалық биотехнологиялар зертханасының ашылуы болды.

«Мұндай зертханалардың құрылуы ғылыми әлеуетті арттырып қана қоймай,

нақты секторда жұмыс істей алатын жас мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер өңір экономикасына нақты пайда әкелуі тиіс», – деп атап өтті Асхат Шахаров.

Алдағы уақытта университет жанындағы Академиялық және зерттеу орталығы аясында экология, агротехнология және цифрлық шешімдерге бағытталған тағы үш заманауи зертхана ашу жоспарланып отыр.

«Біз жоғары оқу орындары жанынан заманауи зертханалар құруды қолдаймыз. Бұл зертханалар тек оқу орындары емес, өңір кәсіпорындарына арналған технологиялар туындайтын өндірістік орталықтарға айналуы тиіс», – деді облыс әкімі.

Бүгінгі кездесу барысында ғылым мен бизнестің ықпалдастығы, ғылыми идеяларды коммерцияландыру және ғылымды қажетсінетін салаларға инвестиция тарту мәселелеріне баса назар аударылды.

Қ. Жұбанов атындағы университеттің коммерцияландыру және стартаптар департаментінің директоры Нұрбек Дүймұхановтың айтуынша, қазіргі таңда универси-

тет өңір кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатып, олардың өндірістік міндеттерін шешуге бағытталған ғылыми әзірлемелер ұсынып отыр.

«Бүгінгі күні 700 миллион теңгеден астам гранттық қаражат тартылып, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған екі жоба сәтті жүзеге асырылуда», – деді ол.

Асхат Шахаров өңір инновацияларды тиімді енгізудің үлгісіне айналуы тиіс екенін алға тартты. Оның айтуынша, ғылыми әлеует пен өндірістік мүмкіндіктерді ұштастыру арқылы өңір білімге негізделген экономикаға көшуге және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады.

Кездесу барысында ғылымды қажет ететін салаларға инвестиция тарту мәселесі де қаралды. Ақтөбе облысы жаңа жоғары технологиялық өндірістер мен деректерді өңдеу орталықтарын орналастыру үшін жағдай жасауда белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Өңірде өнеркәсіп, энергетика және цифрландыру салаларында бірқатар инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

«Біз шикізаттық үлгіден білім экономикасына көшуіміз керек. Бүгінде өңірде терең өңдеу, энергетикалық әлеуетті дамыту және цифрлық шешімдер бойынша жобалар іске асырылып жатыр. Бұл дегеніміз – кәсіпорындарымызға жаңа технологиялар қажет, ал сол технологияларды беретін – ғылым», – деді Асхат Шахаров.

Облыс әкімі жауапты басқармаларға жас зерттеушілерге қолдау көрсету тетіктерін – гранттар беру мен кәсіпорындарда тағылымдамалар ұйымдастыруға дейін – жан-жақты пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, жастардың стартап жобалары үшін технопарктер мен бизнес-инкубаторлар желісін кеңейту жоспарланып отыр.

«Ең басты міндет – жастардың ғылымнан болашақ көріп, өз идеяларының өңірге қажет екеніне сенімді болуы. Біз әрі қарай да әрбір инновация Ақтөбеде іске асатындай жағдай жасай беретін боламыз», – деп сөзін түйіндеді Асхат Шахаров.

**Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі**

☑ **Useful advice**

ПОЧЕМУ ВЫ ПОСТОЯННО УСТАЕТЕ И ЧТО С ЭТИМ ДЕЛАТЬ



Постоянная усталость – это не просто недостаток сна. Иногда мы спим по 8 часов, но всё равно чувствуем себя уставшими и «варёными». Рассказываем о наиболее распространённых причинах хронической усталости – и что можно с этим сделать.

1. Возможно у вас недостаток железа или витамина B12. Усталость, слабость, головокружение, одышка при незначительной нагрузке – всё это может быть сигналом анемии (малокровия). Особенно часто она встречается у женщин. Нужно сдать общий анализ крови и ферритин. И стоит проконсультироваться с врачом. В рационе сделать акцент на продукты, богатые железом: красное мясо, печень, гречка, шпинат, яйца. По показаниям – пропить железо или витамин B12.

2. Могут быть проблемы со сном, о которых вы не догадываетесь. Даже если вы спите 7–8 часов, это не значит, что сон – качественный. Частые пробуждения, апноэ (остановки дыхания во сне), слишком поздний отход ко сну – всё это мешает восстановлению. Рекомендуются перейти на режим сна: лечь и вставать в одно и то же время. Уберите гаджеты за час до сна. Проводите ритуалы (чай, книга, тишина). Если просыпаетесь с головной болью, храпите или чувствуете удушье ночью – стоит обратиться к сомнологу.

3. Выгорание или стресс на фоне рутины также способствуют постоянной усталости. Хронический стресс – одна из самых частых и недооценённых причин усталости. Умственная нагрузка, эмоциональ-

ное перенапряжение и постоянный цейтнот выматывают сильнее, чем физический труд. Попробуйте делать паузы в течение дня: короткая прогулка, 10 минут тишины, медитация. Умейте говорить «нет» – делам, людям, которые забирают энергию. Выделите время на отдых, даже если кажется, что «сейчас не до этого».

4. Обезвоживание тоже влияет. Многие пьют кофе, чай, сок – но не пьют воду. А даже лёгкое обезвоживание вызывает усталость, снижение концентрации и сонливость. Чтобы это устранить нужно пить не менее 1.5–2 литров чистой воды в день. Начинайте утро со стакана воды. Держите воду на рабочем месте под рукой.

5. Переизбыток сахара и «пустых» углеводов – частая причина усталости. Сладости, булочки, фастфуд вызывают скачки сахара в крови, из-за которых энергия резко поднимается, а потом падает. И снова тянет на кофе и сладкое – замкнутый круг.

Лучше замените быстрые углеводы на сложные: овощи, цельнозерновые крупы, бобовые. Добавляйте в каждый приём пищи белки и полезные жиры – они дают насыщение и стабильную энергию. Не пропускайте приёмы пищи.

6. Недостаток движения приводит к отсутствию энергии. Если вы проводите большую часть дня сидя – это сказывается на всем организме. Мышцы слабеют, замедляется кровообращение, ухудшается работа мозга – и вы чувствуете себя как «вареная лапша». Поэтому, ходите минимум 5–7 тысяч шагов в день. Делайте короткую зарядку утром или перед сном. Найдите вид активности, который в кайф: йога, плавание, танцы, прогулки.

7. Гормональные нарушения. Чрезмерная усталость может быть симптомом гипотиреоза, проблем с надпочечниками или другими гормональными сбоями. Особенно если она сочетается с набором веса, апатией, отёками и депрессией. Сдайте анализы на ТТГ, Т3, Т4, кортизол, витамин D. Обратитесь к эндокринологу.

Иногда причина усталости банальна – вы просто всё время в «режиме должен», а не «хочу». Постоянная гонка за результатом без отдыха выматывает. Что поможет в любом случае:

7–9 часов качественного сна
Регулярные перерывы в работе
Сбалансированное питание
Физическая активность
Теплый разговор с близким человеком

Умение останавливаться
Постоянная усталость – это не «просто устал». Это сигнал организма, что нужно что-то менять. Прислушайтесь к себе, и вы удивитесь, как много энергии у вас на самом деле есть.

bilimdine.kz



Студент шығармашылығы

Жұбанов университеті – ғұмырлы!

Дәулет Бақытқали
Жұбанов университеті филология факультетінің 1 курс студенті. Жас қаламгер клубының мүшесі.



Есектің ары, есалаң неме,
Ойлауды ол қарнын созу деп.
Тұлпарды дақтап өш алам деме,
Тұлпардың ары озу тек.

Қыранның ары көзінде өткір,
Күнге де қарар қасқауып.
Қарғаның ары...өзімен кетер,
Өзімен өзін тастауық.

Ғаламның ары күнменен нұрлы,
Күнсіз тұл тірлік әлемі.
Даланың әрі гүлімен сырлы,
Гүлсіз де бірақ әдемі.

Жігіттің ары—жігері намыс,
Елінің ері—тірегі!
Арулар ары болса екен бар қыз,
Ананың әппақ мілегі.

Ғашықтың ары махаббат мәңгі,
Ол үлкен сезім сәнбеуді.
Бұлбұлдың ары сайраса әнді,
Өзі өлсе, әні өлмейді!

Дананың ары ақылы оның,
Жігіттің нұрын таратып.
Бабаның ары нақылы оның,
Жақсыға сөзін баламып.

Жүректің ары тазасы болар,
Дертіне шипа жаныңның.
Көңілдің ары күрт түспесе,
Сол болар бірі бағыңның.

Абырой ары кішіпейілде,
Кеуде көтеріп жүрмегің.
Сабырдың ары сынаптай сынбай,
Сынаққа шыдап жүргенің.

Тілінің ары дұрыс сөйлесе,
Жиналып жақсы жандармен.
Махаббат ары нұрға бөлесең,
Атады күнің ақ таңмен.

Шаладай бықсып жалғасып жүрер,
Өсек пен соры соңында, —
Ақынның арын Алласы білер,
Ал сенің арың қолыңда!



Ар туралы баяндама

Тауықтың ары тарымен бірге,
Шашылса тары – шашылар.
Аққудың ары жарымен бірге,
(Жарына ғана бас ұрар)

Университетке арнау

Екі отбасым, екі үйім бар, екі нұр,
Сырты сұлу, іші әдемі, жолы гүл.
Шуақты да шырақты да, киелісің!
Арналады саған міне осы жыр.

Келген күнім, келдім бүгін арайлым,
Қайта – қайта тамсанумен қараймын.
Жұбанов университеті – ғұмырлы,
Мәңгі ұрпаққа жалғасуын қалаймын.

Ел ырысы толастамай құт келген,
Оқудамын осында бұл күні мен.
Арман болған кезіндегі бәріне,
Оятты талай оқу, елді мұлгіген.

Тарыдай кіріп, таудай болдық бұл естем!
Шықтық міне, заңғар алып белеске.
Осы жердің ақ үмітін ақтайық.
Мақсат мұны ел тануы емес пе?!

Күніміз шұғыласы тасып тұрған,
Айымыз да ақ жарығын шашып тұрған.
Керемет ерлігімен есте қалып,
Кеудесін оқ – жебеге ашып тұрған.

Өшпейді үміт жұмыр жүректерден,
Қорғалған себебі нұр – тілектермен.
Жастарға бағыт тағы уақыт берген,
Құралса ғой Қазақстан тіректермен.

Айтпақшы айтамыншы тұғыр жайлы,
Айтпасам құрғыр жүрек жылындайды.
Тұғырың тұрған кезде, қыран қонып,
Балапан бозторғайлар шырылдайды.

Қазағым бұл сөзіме жылыныңыз!
Бөл сөзіме дұрыстап шынығыңыз,
Қайтадан бодандық жыл келмесінші,
Түспесін ақ төрінен тұғырымыз!



Тұғыр

Толды ғой ер ырысы, ел ырысы,
Ол айқын, айтарымың белгілісі.
Бабалардың – ерлігі елге аян боп,
Ұрпаққа болсын енді үлгілі ісі!

Намысқа бүтін елміз, белін буған,
Ерлерім қылыш ұстап ерлік құған.
Қылыш ұстап, менің нар батырларым,
Талай жаудың денесін қанмен жуған.

Бірлігі де тайсалмаған, таймай қалған,
Той болса да, дастарқаны жайнай қалған.
Баласы тәй – тәй жүріп кеткен кезде,
Ала жіпті – аяғына байлай салған.

Аңсаған Азаттықты сағындың ба?
Сол үшін де тағдырыңа бағындың ба?
Тәуелсіздік келді әне бақыт орнап!
Тазасының арқасы бұл арыңның да.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



ИНЖЕНЕРЛІК КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ: ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТР HERIOT- WATT KAZAKHSTAN КАМПУСЫНДА БОЛДЫ

ҚР Энергетика вице-министрі Санжар Жаркешов Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті базасында ашылған британдық Heriot-Watt University Kazakhstan кампусында болды.

Вице-министр кампустың оқу үдерісімен, зертханаларымен және материалдық-техникалық базасымен танысып, еліміздің энергетика және мұнай-газ салалары үшін білікті кадрлар даярлауда мұндай халықаралық жобалардың маңызы зор екенін атап өтті.

Сапар барысында Санжар Жаркешов «Мұнай инженериясы» зертханасын аралап көрді. Университет ректоры Лаура Қарабасова оқу орнындағы техникалық жабдықтармен таныстырып өтті.

Зертхана жұмысымен танысу барысында тараптар өңірлік мұнай-газ компанияларымен ынтымақтастықты кеңейту, демеушілік қолдау және өндірістік әріптестікті нығайту мүмкіндіктерін талқылады.

Айта кетейік, Heriot-Watt Kazakhstan Campus – еліміздің батыс өңірі үшін инженерлік және техникалық бағыттағы жоғары білікті мамандар даярлайтын бірегей білім ордасы. Бұл жоба ҚР Президентінің тапсырмасы мен 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылды. 2023 жылы Ұлыбританияның жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі саналатын Heriot-Watt University өз тарихында алғаш рет Қазақстанда – Ақтөбе қаласында кампус ашты.

Бүгінде кампуста 500-ге жуық студент «Электроэнергетика», «Мұнай-газ инженериясы және энергоменеджмент», «Компьютерлік инженерия» бағыттары бойынша білім алады. Бағдарламаны сәтті аяқтаған түлектер Heriot-Watt

University мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің қос дипломын иеленеді.

Heriot-Watt University – Ұлыбритания, Дубай, Малайзия және Қазақстанда кампустары бар жаһандық жоғары оқу орны. Бүгінде әлемнің 30 000-нан астам студенті One Heriot-Watt бірыңғай жүйесі бойынша білім алып жатыр.

ПОДГОТОВКА ИНЖЕНЕРНЫХ КАДРОВ: ВИЦЕ-МИНИСТР ЭНЕРГЕТИКИ ПОСЕТИЛ КАМПУС HERIOT- WATT KAZAKHSTAN

Вице-министр энергетики РК Санжар Жаркешов посетил британский кампус Heriot-Watt University Kazakhstan, открытый на базе Актобинского регионального университета имени К.Жубанова.

Вице-министр ознакомился с учебным процессом, лабораториями и материально-технической базой кампуса и подчеркнул значимость таких международных проектов в подготовке квалифицированных кадров для энергетической и нефтегазовой отраслей страны.

В ходе встречи Санжар Жаркешов посетил лабораторию «Нефтяная инженерия». Ректор университета Лаура Карабасова показала техническое оборудование. В ходе ознакомления с работой лаборатории стороны обсудили возможности расширения сотрудничества, спонсорской поддержки и укрепления производственного партнерства с региональными нефтегазовыми компаниями.

Стоит отметить, что Heriot-Watt Kazakhstan Campus – это уникальное учебное заведение в западном регионе страны, готовящее высококвалифицированных специалистов инженерных и технических направлений. Данный проект реализован в рамках поручения Президента РК и концепции развития высшего образования и науки на 2023-2029 годы.

В 2023 году Heriot-Watt University, один из ведущих технических вузов Великобритании, впервые в своей истории открыл кампус в Казахстане, в городе Актобе. В кампусе обучаются около 500 студентов по направлениям: «Электроэнергетика», «Нефтяная инженерия и энергоменеджмент» и «Компьютерная инженерия». Выпускники, успешно завершившие образовательную программу, получают два диплома – Heriot-Watt University и Актобинского регионального университета имени К.Жубанова.

Heriot-Watt University – глобальный университет с кампусами в Великобритании, Дубае, Малайзии и Казахстане. Сегодня более 30 000 студентов со всего мира обучаются по единой системе One Heriot-Watt.

TRAINING ENGINEERING PERSONNEL: VICE MINISTER OF ENERGY VISITED THE HERIOT-WATT KAZAKHSTAN CAMPUS

Vice Minister of Energy of the Republic of Kazakhstan, Sanzhar Zharkeshov, visited the British campus of Heriot-Watt University Kazakhstan, which was opened on the basis of K. Zhubanov Aktobe Regional University.

The Vice Minister got acquainted with the educational process, laboratories, and material and technical facilities of the campus, emphasizing the importance of such international projects in training qualified specialists for the country's energy and oil and gas industries.

During the visit, Sanzhar Zharkeshov toured the «Oil Engineering» laboratory. The university's rector, Laura Karabasova, demonstrated the technical equipment. During the tour, the parties discussed opportunities for expanding cooperation, providing sponsorship, and strengthening production partnerships with regional oil and gas companies.

It should be noted that the Heriot-Watt Kazakhstan Campus is a unique educational institution in the western region of the country, training highly qualified specialists in engineering and technical fields. This project was implemented in accordance with the instructions of the President of the Republic of Kazakhstan and the Concept for the Development of Higher Education and Science for 2023–2029.

In 2023, Heriot-Watt University — one of the leading technical universities in the UK — opened a campus in Kazakhstan, in the city of Aktobe, for the first time in its history. About 500 students study at the campus in the fields of: «Electric Power Engineering», «Petroleum Engineering» and «Energy Management», and «Computer Engineering». Graduates who successfully complete the educational program receive two diplomas — from Heriot-Watt University and K. Zhubanov Aktobe Regional University.

Heriot-Watt University is a global institution with campuses in the UK, Dubai, Malaysia, and Kazakhstan. Today, more than 30,000 students from all over the world study under the unified One Heriot-Watt system.

University conteens

Ұстаздар күніне арналған мерекелік шара өтті



ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКЕН
МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАДА БАСҚАРМА
ТӨРАФАСЫ-РЕКТОР ЛАУРА
ҚАРАБАСОВАНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



ҰСТАЗДЫҢ МИССИЯСЫ – ТЕХНОЛОГИЯДАН ДА БИІК

Дербес компьютердің пайда болуы ұстаздардың жұмыс форматын өзгертсе, кейінгі жылдары ұялы телефондар жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Ал бүгінде жасанды интеллект (AI) қоғамның барлық саласына еніп, білім беру жүйесінде де жаңа дәуірдің басталғанын көрсетіп отыр.

Соңғы кездері көпшілікті толғандыратын маңызды сұрақ: жасанды интеллект заманында ұстаздың рөлі қандай болмақ? Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері шексіз. Ол ақпаратты талдайды, мәтін жазады, есеп шығарады. Десек те, студенттің ішкі сезімін, сенімсіздігін, қобалжуын байқап, қолдау көрсететін мұғалімдей болмайды. Сол себепті үшінші технологиялық революцияның белесінде тұрған кезеңде ұстаздың рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түседі.

AI құралдарын тиімді пайдалану үшін нақты әрі дұрыс сұрақ қоя білу қажет. Ал сұрақ қою мәдениетін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, жүйелі ойлауды үйрететін тұлға – ұстаздың өзі.

Дамыған мемлекеттер жасанды интеллектке негізделген технологияларды белсенді енгізу арқылы экономикалық серпіліске қол жеткізуді көздейді. Біздің еліміз де бұл бағыттан қалыс қалмай, цифрлы экономиканы дамыту, озық технологияларды енгізу міндетін алға қойып отыр.

Осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі AI SANA ұлттық жобасын іске қосты. Бұл жоба студенттерімізге ЖИ, бағдарламалау және кәсіпкерлік бойынша пайдалы білімге жол ашуда.

Біздің университет бұл жобадан белсенділік танытуда. Бұл – білім алушылар мен ұжымымыздың жаңашылдыққа ұмтылысының айғағы.

Еліміздің цифрлық стратегиясын жүзеге асыруда университеттердің рөлі ерекше. Әрбір аудиторияда, әрбір дәріс үстінде студенттерге технологияны дұрыс, шебер, жауапты әрі этикалық тұрғыдан қолдануды үйрету – ұстаздардың басты миссиясы.

Педагогикалық қауымдастықты әрқашан еңбекқор, талапшыл әрі жаңашыл орта ретінде көреміз. Біз өмір бойы білім алу қағидатын ұстанып, жаңалықты қабылдай білуіміз керек. Өйткені болашақтың кілті – білім мен ізденісте.

Жұбанов университетінде Ұстаздар күні мен ҚР Жоғары білім қызметкерлері күніне орай мерекелік шара өтті. Шара барысында университет ректоры Лаура Қарабасова ұжымды мерекемен құттықтап, жасанды интеллект дәуірінде ұстаздың рөлі бұрынғыдан да арта түскенін атап өтті.

Шара барысында бірқатар оқытушылар мен қызметкерлер марапатталды. «Еңбек ардагері» медалімен экономика және құқық факультеті, құқықтану кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Асыл Смағұлова марапатталды, «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі филология факультеті, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Абат Пангеевке берілді. «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі филология факультеті, теориялық және қолдан-

балы тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Жанна Тектіғұлға табысталды. Сонымен қатар, «Ғылым үздігі» құрмет дипломымен физика-математика факультеті, математика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Сандуғаш Мынбаева марапатталды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамоталары, Ректордың алғыс хаттары, сондай-ақ «AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалы төрағасының алғыс хаттары да табысталды.

Мерекелік шара «Екі жұлдыз» байқауымен жалғасты. Байқауда факультеттердің талантты оқытушылары мен студенттері өнер көрсетті. Қатысушыларға дипломдар, кәсіподақ ұйымының бағалы сыйлықтары және демеушілердің арнайы сертификаттары табыс етілді.



Student life

ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ - ЕКІ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

Өзбекстан Республикасының Хорезм облысы, Ургеніш қаласында өткен әмбебап жекпе-жек спортынан жастар арасындағы Әлем чемпионатында Жұбанов университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының студенті Азиза Салимгорева чемпион атанды.

Бұл – Азиза үшін халықаралық аренадағы алғашқы жеңіс емес. 2024 жылы Түркияның Анталия қаласында өткен әлем чемпионатында да жеңіске жеткен спортшы енді Өзбекстанда да жеңімпаз атанып, екі дүркін әлем чемпионы мәртебесіне ие болды.

Азиза Салимгорева унифайт спортымен үш жыл бұрын танысып, спорттың осы түрімен кәсіби түрде айналыса бастаған. Спортшының мақсаты – еліміздің атын әлемдік деңгейде таныту әрі жастарға үлгі болу.



Унифайттың жекпе-жектің өзге түрлерінен қандай ерекшелігі бар? Оның басты артықшылығын қалай түсінесіз?

Унифайт – бірнеше спорт түрінің үйлесімі болып табылады. Спортшылар алдымен кедергілер жолағынан өтеді, онда жылдамдық, төзімділік және шоғырлану қабілеті сынақтан өтеді. Мұнда пышақ лақтыру, тапаншадан ату сияқты тапсырмалар да бар. Кедергілерді аяқтаған соң, рингке шығып, жекпе-жек басталады. Унифайт спортшының жан-жақты шеберлігін толық көрсететін ерекше спорт түрі.

Жалпы, унифайтта жекпе-жек өнерінің түрлі түрлері – бокс, күрес, самбо және тағы басқа элементтер үйлесім тауып, спортшыны жан-жақты дамытады.

Университеттегі оқу мен спортты қатар алып жүру сіз үшін қиын емес пе?

Университеттегі оқу мен спортты қатар алып жүру оңай емес, әрине. Бірақ Жұбанов университетіндегі оқытушыларымыз барлық қажетті жағдайды жасап, қолдау көрсетеді. Бұл маған екі бағытта да жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Алда қандай жоспарларыңыз бар?

Болашақта жастарға үлгі болғым келеді. Сонымен қатар оқуымды сәтті аяқтап, мамандығым бойынша да үлкен жетістіктерге жетуді қалаймын.

Өңгімеңізге рақмет!
Сұқбаттасқан: Жадыра Арен

Азиза, алдымен екі дүркін әлем чемпионы атануыңызбен құттықтаймын! Әлем чемпионы атанған сәттегі сезіміңізді қалай сипаттар едіңіз?

Рақмет! Бұл сезімді сөзбен жеткізу өте қиын. Қуаныш пен мақтаныш қатар болды, сондай-ақ ел үмітін ақтау жауапкершілігі үлкен болды. Әлем чемпионатында Қазақстан мен Жұбанов университетінің атынан өнер көрсету – мен үшін үлкен абырой әрі мақтаныш.

Бұл жеңіс сіз үшін нені білдіреді? Осы күнге дейін қан-

дай маңызды жетістіктерге жеттіңіз?

Бұл жеңіс – менің ғана емес, бапкерлерімнің, елімнің де жеңісі деп білемін. Еткен еңбегіміздің, төгілген теріміздің жемісі.

2024 жылы Түркияның Анталия қаласында өткен әлем чемпионатында унифайттан бірінші орын алдым. 2025 жылы Өзбекстанның Ургеніш қаласында да чемпион атанып отырмын. Бұған дейін таэквондо мен спорттық туризммен де түрлі жүлделі орындарға ие болдым,

бірақ ең үлкен жетістіктерім – осы соңғы жеңістерім.

Спортқа деген қызығушылығыңыз қай кезде басталды? Унифайт спортымен айналысуға не түрткі болды?

Спортқа деген қызығушылығым 5 сыныптан басталды. Мектепшілік жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелерге жеттім. Таэквондо мен спорттық туризм үйірмелерінде 11 сыныпқа дейін қатар жаттықтым.

Университетке түскеннен кейін спортзал іздеп жүріп унифайтқа кездестім. Қызығушылықпен қарап көрдім де, спорттың бұл түрі ұнады. Содан бері осы спортпен тұрақты түрде айналысып келемін.



Student life

Қоғамға пайдасын тигізуді мақсат еткен жастардың белсенділігі – ел болашағының айнасы. Экологиялық мәдениетті дамытып, жастарды табиғатты аялауға үндеуді мақсат еткен бастамалар бүгінде өз жемісін беріп келеді. Солардың бірі – «Eco Madeniet» эко-волонтерлер қозғалысы. Бұл бастаманың негізін қалаған – Жұбанов университетінің шетел тілдері факультетінің 2 курс студенті Темірлан Жолдыбай.



«Eco Madeniet» эко-волонтерлер қозғалысын құру идеясы қалай пайда болды? Бұл бастаманың іргетасын қалауға не түрткі болды?

Бұл идея TikTok арқылы пайда болды. Басқа қалалардағы жастардың бастамаларын көріп, олардың өз қалалары үшін өзгерістер енгізіп, қоғамға пайда тигізіп жатқанын байқадым. Сонда өзіме: «Неге бізде де осындай қозғалыс жасамасқа?» деген сұрақ қойдым. Астана мен Алматыда мұндай топтар көп, ал басқа қалаларда жоқ. Ақтөбеде экологиялық бағыттағы ұйымдар болса да, оларда көбінесе ересектер волонтер болатын. Ал нақты жастарға арналған эко-волонтерлік қозғалыс болмады. Сондықтан жастардың басын қосып, өз Отаны мен қаласы үшін үлес қосуға дайын жастарды жинап, волонтерлік топ ашуды жөн көрдім. Осылайша «Save Aqtobe» тобы құрылды, бірақ ағылшынша атауы көпке түсініксіз болғандықтан, топ атын (Ақтөбені сақтап қалу) өзгерттік.

Қозғалыстың негізгі мақсаттары мен бағыттары қандай?

Біздің негізгі мақсат — экологиялық мәдениетті дамыту. Бірақ біз бұл істі тек табиғат қорғаумен шектемейміз. Эко мәдениетті саясатта, спортта, медицинада, мәдениетте, тіпті қалалық іс-шараларда да дамытуға болады деп санаймыз. Сондықтан әр волонтерге оның қызығушылығына қарай бағыт ұсынамыз: біреуі спорт арқылы, екіншісі мәдениет саласында, үшіншісі білім беру неме-

се медиа саласында жұмыс істей алады. Осылайша, біз экологияны әр салаға интеграциялай отырып, әрбір волонтердің жеке дамуына да мүмкіндік береміз.



Сіз үшін эко-волонтерлікпен айналысудың маңызы неде? Бұл салаға деген қызығушылығыңыз қалай қалыптасты?

«Eco Madeniet» — мен үшін жай ғана экологиялық қозғалыс емес, үлкен өзгерістер бастауы. Табиғатты қорғау арқылы қоғамға да әсер етуге болады. Қала таза болса, адамдардың ойы да таза, болашағы да айқын

Eco Madeniet: Жастарды экологиялық мәдениетке баулитын қозғалыс

болады. Қызығушылығым мектеп кезінде қалыптасты, топты 9-сыныпты аяқтап жатқан кезде құрдым. Уақыт өте келе экологияның тек табиғат емес, мәдениет пен жастар дамуының бір бөлігі екенін түсіндім. Қолдайтын жандар табылды, бастапқыда 15 адам болған топ қазір 600-ге жуық жасқа жетті.

Қозғалыстың алғашқы жүзеге асқан жобалары туралы айтып берсеңіз. Нәтижелері қалай болды?

Біз эко-сенбіліктерден бастадық. Қарапайым сенбіліктен айырмашылығымыз — қоқысты сұрыптап жинап, қайта өңдеуге тапсырамыз. Кейін мектептерде дәрістер өткізіп, жүздеген оқушылармен кездестік. Жастардың экологияға көзқарасы өзгеріп, белсенділік таныта бастағанын

мыңдаған жанкүйерге жеткізуге мүмкіндік берді.

Оқу мен қоғамдық жұмысты қатар алып жүру қиындық туғыра ма? Уақытыңызды қалай ұйымдастырасыз?

Әрине, кейде қиын. Бірақ дұрыс жоспарлау мен командаға сенім артқан соң бәрі жеңілдейді. Күнімді алдын ала жоспарлаймын. Осылайша оқуға, қоғамдық іс-шараларға және жеке дамуыма уақыт бөлемін. Волонтерлік пен жастармен жұмыс жасау маған қатты ұнайды, шаршамаймын.

Жастардың экологиялық мәселелерге белсенді араласуы нәтижесінде қандай кеңес бересіз?

Жастар — қоғамның бүгінгі қозғаушы күші және болашағы. Егер жастар экологиялық мәселелерге араласса, олар табиғатты ғана емес, тұтас қоғамның ойлау жүйесін өзгертіп, еліміздің болашағына үлес қосады. Кеңесім — үлкен істерді кіші қадамнан бастау. Өз үйіңде, аулаңда, оқу орнында кішігірім өзгеріс жасау үлкен нәтижеге әкеледі. Әр волонтер өзінің кішігірім ісі арқылы үлкен өзгерістің бір бөлігі екенін түсінсе жеткілікті. Мысалы, далаға тасталмаған бір пластик бөтелке көптеген аурулардан, полигонның өртенуінен сақтап қалуы мүмкін.

Алдағы уақытта «Eco Madeniet» қозғалысын қалай дамытқыңыз келеді? Қандай жоспарларыңыз бар?

Жоспарымыз — тарихи-мәдени жерлерді тазалықта ұстау және жастар арасында Ақтөбе туралы ақпарат тарату. Сондай-ақ қозғалысты республикалық деңгейге шығарып, мүмкін басқа елдерге де кеңейтуді көздейміз. Экологиялық форумдар өткізіп, мәдени-экологиялық фестивалдер ұйымдастыру, цифрлық экология бағытын дамыту да жоспарымызда бар. Ең бастысы — «Eco Madeniet»-ті тек эко-қозғалыс емес, мәдениеттің жаңа өмір салтына айналдыру.

— Өңгімеңізге рахмет!

Сұқбаттасқан: Жадыра Арен

Халықаралық байланыс

Шетелдік тағылымдама өмірімдегі ерекше тәжірибе

Шетелде білім алу туралы бұрын ойлаған емеспін. Бұл елдер мен үшін мүлдем басқа планета сияқты көрінетін. Алайда уақыт өте келе айналамызда көптеген мүмкіндіктердің бар екенін байқамай жүргенімізді түсіндім. Білім саласында бірнеше жыл қызмет еткеннен кейін, өзге елдердің білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар, оқыту тәсілдері және ғылымдағы мүмкіндіктер мені қызықтыра бастады.

Сондықтан университетімізде ашылған ағылшын тілі курсына алғашқылардың бірі болып тіркеліп, шетел тілін жетілдіруге ұмтылдым. Бұл бастама басшылық тарапынан оқытушылар мен қызметкерлерге берілген теңдессіз мүмкіндік болды деп есептеймін. Себебі курс тегін және жоғары деңгейлі оқытушылар сабақ берді. Бұдан кейін қосымша ақылы курстарға да қатысып, дайындығымды арттырдым.

Өзімді сенімді сезінген соң, «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасына қатысуға шешім қабылдадым. Қиындықтар мен сәтсіздіктер болды, бірақ бұл мені тоқтатпады. Қайта дайындалып, нәтижесінде «Болашақ» стипендияты атанғанымда қуанышымда шек болмады.



Сассекс университетіндегі оқу және ғылыми зерттеу тәжірибесі

Халықаралық тағылымдама Ұлыбританияның беделді Сассекс университетінде өтті. Бұл университет — әлемдік деңгейде танымал білім беру және зерттеу орталығы. QS Sustainability рейтингінде Ұлыбританияда 8-ші, әлемде 26-шы орынға ие. Ал Times Higher Education Impact Rankings 2025 рейтингінде 101-200 орынды иеленген. Осындай әлемдік деңгейдегі университетте білім алғаным мен үшін үлкен тәжірибе болды.



Рауан Жалтырбаева Экономика және құқық факультетінің Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы

Тағылымдама барысында әлемнің үздік профессорларынан сабақ алып, құнды тәжірибе жинадым. Университет Брайтон қаласының шетінде, ұлттық парк аумағында орналасқан, оқуға барлық жағдай жасалған. Кітапхана, дәрісханалар жоғары деңгейде жабдықталған.

Жоспар бойынша семинарлар, кездесулер, зерттеу консультациялары, презентациялар мен конференциялар жоғары деңгейде өтті. Сонымен қатар шетелдік зерттеу әдіс-тәсілдерімен таныстым. Университет ғылыми зерттеулерге ерекше көңіл бөледі, бұл — постдокторлық білім алушылардың көптігімен дәлелденеді.

Тағылымдамадағы негізгі мақсат — ғылыми зерттеу жұмысы болғандықтан, уақытымның басым бөлігін осы бағытқа арнадым. Зерттеу жобасын этикалық кеңестен өткізу — аса жауапты кезең болды. Барлық процесс Canvas бағдарламасы арқылы жүргізілді, университетте академиялық адалдық қағидаты қатаң сақталады. Профессорлар әрдайым қолдау көрсетті, сұрақтарыма жауап беруге дайын болды.



Ұлыбританияның мәдениеті және болашаққа көзқарас

Академиялық оқудан бөлек, Ұлыбританияның әртүрлі мәдениетімен таныстым. Брайтон қаласы көпұлтты, туристік мекен ретінде ерекшеленеді. Атлант мұхитының Ла-манш бұғазында орналасқан қала өзінің әдемі атмосфера-сымен, фестивальдерімен, марафондарымен және тарихи орындарымен ерекше әсер қалдырды.

Бағдарлама аясында Кембридж университетіне барып, семинарларға қатыстым. Бұл Еуропадағы ең ірі және ежелгі ғылыми орталықтардың бірі. Болашақта осы университетте білім алсам деген арманым бар.

Демалыс күндері Ұлыбританияның басқа қалаларын да араладым, әр қала өзіне тән ерекше сипатқа ие болды. Бұл сапарлар мен үшін өмір бойы есте қалатын ғажайып естеліктер сыйлады.

Ендігі мақсат — алған білімім мен тәжірибемді өз елімізде, өз оқу орнымда тиімді пайдалану.

Маған сенім білдіріп, тағылымдамаға жіберген университет басшылығына, «Болашақ» бағдарламасына және қолдау көрсеткен әріптестеріме алғысымды білдіремін.

Басты жаңалықтар

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ДӘУІРІНДЕ УНИВЕРСИТЕТ-
ТІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ -
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Астанада өтіп жатқан Digital Bridge 2025 халықаралық форумы аясында «Жоғары білім BigTech пен жасанды интеллект дәуірінде: кадрлар даярлаудың жаңа модельдері» атты панельдік сессия өтті. Іс-шараға жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары мен сарапшылары, сондай-ақ цифрлық индустрия өкілдері қатысты.

Пікірталаста сөз алған университет ректоры Лаура Қарабасова жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне ықпалына тоқталып, академиялық адалдықтың маңызын ерекше атап өтті.

«Ақпараттың кез келген сәтте қолжетімді болып, дайын контенттің молынан ұсынылатын уақытында ең басты құндылық – студенттің өз бетімен ойлануы мен ғылыми адалдық қағидаттарын ұстануы. Университеттердің негізгі миссиясы да осы бағытта күшейе түсуі тиіс», – деді ол.

Сонымен қатар, спикер қазіргі заманда білімге деген «монополияның» біртіндеп дәстүрлі университеттерден ірі технологиялық компаниялар мен ашық білім беру платформаларына ойысып бара жатқанын атап өтті. Бұл жағдай жоғары оқу орындары үшін жаңа сын-қатерлер туғызумен қатар, тың мүмкіндіктерге де жол ашатынына назар аударды.

Панельдік сессия барысында қатысушылар жоғары білім беру жүйесінің өзгермелі жағдайда даму жолдарын, кадрларды даярлаудың инновациялық үлгілерін және жасанды интеллект дәуіріндегі университеттердің жаңа рөлін талқылады.

Digital Bridge 2025 аясындағы пікірталас қазақстандық жоғары оқу орындарының әлемдік үрдістерге бейімделуі мен жаңа білім беру модельдерін енгізудің маңыздылығын тағы бір мәрте көрсетті.

В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО
ИНТЕЛЛЕКТА
ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ
УНИВЕРСИТЕТА - АКАДЕ-
МИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ

В рамках международного форума Digital Bridge 2025 в Астане прошла панельная сессия «Высшее образование в эпоху BigTech и искусственного интеллекта: новые модели подготовки кадров». В мероприятии приняли участие ректоры и эксперты ведущих вузов, а также представители цифровой индустрии.

Во время дискуссии ректор университета Лаура Карабасова затронула тему влияния искусственного интеллекта на систему образования, подчеркнув важность академической честности.

«В эпоху, когда информация становится доступной, а готовый контент предоставляется в изобилии, главная ценность –

Главные новости

Main news



это самостоятельное мышление студента и приверженность принципам академической честности. Основная миссия университетов также должна быть усилена в этом направлении», – сказала руководитель вуза. Спикер также отметила, что в современном мире «монополия» на образование постепенно переходит от традиционных университетов к крупным технологическим компаниям и открытым образовательным платформам. Она обратила внимание на то, что данная ситуация не только создает новые вызовы для вузов, но и открывает новые возможности.

В ходе панельной сессии участники обсудили пути развития системы высшего образования в меняющихся условиях, инновационные модели подготовки кадров и новую роль университетов в эпоху искусственного интеллекта.

Дискуссия в рамках Digital Bridge 2025 еще раз продемонстрировала важность адаптации казахстанских вузов к мировым тенденциям и внедрения новых образовательных моделей.

IN THE ERA OF ARTIFICIAL
INTELLIGENCE, THE MAIN
VALUE OF A UNIVERSITY
IS ACADEMIC INTEGRITY

As part of the Digital Bridge 2025 international forum held in Astana, a panel session titled “Higher Education in the Era of BigTech and Artificial Intelligence: New Models of Training” took place.

The event brought together rectors and experts from leading universities, as well as representatives of the digital industry. During the discussion, Rector Laura Karabassova addressed the topic of the impact of artificial intelligence on the education system, emphasizing the importance of academic honesty.

“In an era when information is easily accessible and ready-made content is abundant, the main value lies in students’ independent thinking and commitment to academic integrity. The core mission of universities should be further strengthened in this direction,” – said the head of the university.

The speaker also noted that in today’s world, the “monopoly” on education is gradually shifting from traditional universities to large technological companies and open educational platforms.

She drew attention to the fact that this situation not only creates new challenges for universities, but also opens up new opportunities.

During the panel session, participants discussed ways to develop higher education in a changing environment, innovative training models, and the new role of universities in the age of artificial intelligence.

The discussion within the framework of Digital Bridge 2025 once again highlighted the importance of adapting Kazakhstani universities to global trends and implementing new educational models.

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі

ауылдағы әр ауырған адамға жәрдемдесетін. Біз еңбек пен білімнің қадірін ата-анамыздан үйрендік. Сонымен қатар ата-әжелеріміз, жақындарымыздың да еңбек есейтетінін, білім биікке жетелейтінін ұқтырғаны, олардың айтқанын заң тұтып, оны міндетті түрде орындап, тәртіпке, адамгершілікке, бауырмашылдыққа, адалдыққа, білімді болуға, еңбек-корлыққа тәрбиелегені сөзсіз.

Ұзақ жылғы ұстаздық жолыңызда есте қалған ерекше сәттер немесе жүрегіңізге жақын оқиғалар бар ма? Студент мен ұстаз арасындағы байланыстың ерекше көрінісі ретінде бөлісе аласыз ба?

Мен өзімді бақытты жанмын деп есептеймін, себебі өмір жолымда маған жақсы жандар жиі жолықты. Университеттің алғашқы техникалық факультеті ашылғанда, бізге Қарағанды мен Оралдан келген тәжірибелі ғалымдар бағытта берді. Көптеген ағайлар мен апайлар жас мамандарға көмектесіп, ұстаздық үдерісінің ішкі-сыртқы сырын үйретті. Бәріміз бір үйдің баласындай болып қызмет еттік, себебі, өмір мектебінде адам ортасынан үйренеді ғой.

Адам өмірінің қымбат уақыты мен қажырлы еңбегін талап ететін, әрине, ғылым. Қоғамның өркендеуіне, ғылым-



мдерді киген бүлдіршіндер қамқоршыларға риза көңілдерін білдірген.

Ұстаздықтың ұрпақтан ұрпаққа берілуін сіз қалай түсінесіз? Бұл – жай ғана кәсіби таңдау ма, әлде рухани әрі адамгершілік құндылықтың көрінісі ме?

Ұстаздық ұрпақтан ұрпаққа беріледі дегенге сенімдімін, себебі оған біздің отбасымыз дәлел. Менің ойымша, әрбір ата-ана – өзінің білімі, біліктілігі, жүріс-тұрысы, жайдары мі-

незі, тіпті сыртқы келбеті, бет-бейнесімен де ұрпағына үлгі ұлағат иесі. Осындай ортада өскен бала ұстаздың қоғамдағы орнымен қатар, шеберлігін, өмірлік ізденісін, ұлы мұрат жолындағы игілікті миссиясын айқындайтын құндылықты аңғарады. Дарынды, шығармашыл, талантты әрі талмай ізденіс жолында жүретін көкірегі ояу, жаңашыл педагог ата-анадан тәжірибе алған ойлы ұрпақтың санасы сергек, рухы биік болары хақ.

Қай дәуірде болса да сан мыңдаған шәкірттің санасын оятып, үлкен өмірге дайындау «инемен құдық қазғандай», қажырлы еңбекті талап етеді, сондықтан да, ұстаздық мамандықты таңдау – жай ғана кәсіби таңдау емес... Рухани әрі адамгершілік құндылықты бойына сіңірген ұстаз күн сайын білімін жетілдіріп, алдына келген әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жаңа ақпаратты түрлі әдіс-тәсілдермен жеткізеді. Танымдық, тағылымдық тұрғыдан қызықты, сапалы білімді тиімді түрде ұсына біледі, себебі, бұл іс-әрекет ұстаздан қыруар еңбек пен күш-қуатын және уақытын талап етеді.

Мазмұнды өңгімеңіз үшін рақмет! Сізге шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық пен мықты денсаулық тілеймін!

Сұқбаттасқан: Жадыра Арен



ның заман талғамына сай дамып, жетілуіне де кең жол ашатын ғалым-ұстаздар. Ғылым жолында маған кездескен ел құрметін еншілеген тұлғалардың бірі – педагогика және психология ғылымдарының жүйеленуіне үлкен үлес қосқан, марқұм болып кеткен ұлағатты ұстаз, Жұбанов университетінің педагогика кафедрасын басқарған профессор А.А.Калюжный. Ол кісіден көп нәрсе үйрендім.

«Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының оқытушылары студенттердің бойына рухани мәдениет пен адамгершілік негізін сіңіріп келеді. Бірде біздің «Дизайн» мамандығының студенттері өз еріктерімен «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне концерттік костюмдер тігіп берді. Бұл – нағыз мейірім мен ұстаздық рухтың көрінісі. Қазақтың ұлттық нақышы мен түрлі ертегідегі сәбилердің сүйікті кейіпкерлерін бейнелейтін костю-



✓ The wisdom of a teacher

Гүлнар Қазыбекқызы еңбек жолын 1980 жылы Ақтөбе облысы, Михайловка орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. 1993 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде қызмет етіп келеді.

2004 жылы «Образовательные технологии в практической деятельности студентов вузов» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді. Кейін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының «Кәсіптік білім» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. 2005 жылы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің кәсіптік білім, мәдениет және қызмет секциясының мүшесі болып сайланды және «Кәсіптік білім» мамандығының мемлекеттік стандарты жобасын әзірлеуге атсалысты.

Бүгінде Гүлнар Қазыбекқызының 70-тен астам ғылыми еңбегі бар. Ол кафедраның оқу процесіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізіп, тәжірибелік эксперименттер жүргізді. Оның авторлық еңбектері, әдістемелік нұсқаулықтары, оқу құралдары мен монографиялары жарық көрген. Ғалымның мақалалары Thomson Reuters (Web of Science) базасына енген басылымдарда жарияланған, сондай-ақ КР ККСОН тізіміне кіретін электрондық elibrary.ru және РИНЦ кітапханасында орналасқан.

Ғалымның 4 монографиясы, 3 патенті, 8 авторлық куәлігі, 3 электронды оқулығы бар. Республикалық жобалар мен сараптамалық комиссиялардың белсенді мүшесі. Сонымен қатар Гүлнар Қазыбекқызы ғылыми-әдістемелік орталықтармен бірлесіп курстар мен семинарлар ұйымдастырады. Оның дайындаған костюмдері халықаралық дизайнерлік байқауларда жүлделі орындарға ие болған.

ҒЫЛЫМ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ

Гүлнар Қазыбекқызы, Сізді Ұстаздар күнімен құттықтаймын! Еңбек жолыңызға тоқталсақ...

Еңбек жолымды Ақтөбе облысы, Исатай ауданының Михайловка орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастадым. Кейін Ақтөбе педагогикалық училищесінде арнайы пәндер оқытушысы болып қызмет еттім. 1993 жылдан бері Қ.Жұбанов атындағы университетте еңбек етіп келемін. Жалпы педагогикалық тәжірибем – 39 жыл, оның 33 жылы осы университетпен байланысты.

Ұстаздық жолдың сіздің әулетіңізде бірнеше ұрпақтан бері жалғасып келе жатқанын білдік. Осы сабақтастық туралы толығырақ айтып өтсеңіз.

Бихевиоризм ғылымындағы негізгі идеясы - адамның әрекеттері «...ата-балалардың тәжірибесіне негізделген...» дегенге сенімдімін. Өйткені, арғы атамыз Кенжеғали (кішкентай кезімізде үлкен апайлардың әңгімелерінен есімде қалған) патшалық Ресей кезінде Орынбордың Жайық бойындағы ауылында қазақ тілінде сабақ берген екен.

Атамыз Қазі Құмақ ауылындағы балалар үйінде ұстаз болып, соғысқа дейін корреспондент қызметін атқарған. Соғыстан кейін алған жарақаттар салдарынан өмірден өтті.



Әкеміз Зағида Акимов аға ұзақ жылдар бастауыш сынып мұғалімі болып, «ҚазКСР халық ағарту ісінің үздік қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.



Әкем Қазбек Қазыұлы Алматы педагогикалық институтының түлегі, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Кейін мектеп директоры қызметін абыроймен атқарды. Ол тарих пәнінен де сабақ берген.

Қарашаңырақта өсіп-өніп, жан-жаққа қанат қаққан алты баланың төртеуі ата-бабамыздың жолымен ұстаздық мамандықты таңдады. Екі жоғары білімі бар, кәсібін дөңгелетіп жүрген ағам Хайдар Қазбекұлы, елу жастан асып түскенде «менің арманым ұстаз болу еді» деп, Жұбанов университетінен педагогикалық білім алып, зейнетке шыққанша тарих пәні мұғалімі қызметін атқарды.

Сіңлілерім Светлана мен Дана, жеңгем Гүлнұр Бақыткерейқызы және келінім Айжан Әуелбаева бүгінде ұлт келешегі үшін еңбек етіп жүрген ұстаздар.

Көне көз қарияларымызбен жас буын арасындағы қарым-қатынас қалыптастыру – ғасырлар бойы ата-бабамыз бен бүгінгі баланың арасын, аға буын мен жас ұрпақтың өзара байланысын жалғастырып келе жатқан өріс жібі деп ойлаймын. Біздің әулетте үлкендер мен жастар арасындағы сабақтастық, рухани байланыс үзілмейді. Мағжан Жұмабаевтың «Алты алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деген сөзі – біздің өмірлік қағидамыз.

Ұстаздық дәстүрді жалғастыру жолында отбасыңыздың қолдауы қаншалықты маңызды болды? Жақындарыңыздың ықпалы мен сенімін қалай сезіндіңіз?

Есімде, 6-7 жастамын-ау, ауылдағы он шақты көрші балаларын жинап, жазғы отауда оларға сабақ оқытып, концерт қойғызып жүретінім... Светлана сіңлім екеуіміз анамыз жұмыстан келетін уақытында үйді жинап, шәйін қойып, күтіп алатынбыз. Анам ешқашан дауыс көтермейтін, бізге сенім артатын.

Мектеп қабырғасында да қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, алда жүруші едік. Осының бәрі әке-шешеміздің балаларының жандүниесіне үңіліп, ішкі әлеміміздің қалыптасуына әсер ете білгенінің, мінез-құлқымыздағы ерекшеліктерді жете білгенінің көрсеткіші деп ойлаймын. Әкем – төртіп пен жауапкершіліктің үлгісі еді. Анамыз Науат Дүйсебайқызы акушер-фельдшер болып,

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БОЛАШАҚ ПРОКУРОР» КЕҢІСТІГІ АШЫЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне ҚР Бас прокуратурасының делегациясы келді. Делегацияны Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев бастады.

Қонақтар Жұбанов университеті мен Heriot-Watt кампусын аралап, өткен жылы пайдалануға берілген криминалистикалық полигонның жұмысымен танысты. Бұл полигон – студенттердің қылмыстық тергеу дағдыларын шынайы жағдайға жақын ортада меңгеруіне, жаңа әдістер мен технологияларды сынақтан өткізуіне мүмкіндік беретін тәжірибелік алаң. Мұнда қылмыс орнын қараудың барлық кезеңіне арналған заманауи және дәстүрлі құрал-жабдықтар бар. Бүгінде орталық болашақ заңгерлерді даярлайтын батыс өңіріндегі осындай деңгейдегі алғашқы және жалғыз оқу базасы болып отыр.

Кездесу аясында университеттің техникалық факультет кітапханасында «Болашақ прокурор» кеңістігі ашылды. Бұл жерде студенттерге Қазақстанның құқық қорғау органдарының тарихы мен дамуына арналған жетекші ғалымдардың еңбектері мен оқу құралдары қолжетімді. Бас прокуратура осы мақсатта Жұбанов университетіне 200 оқу кітабын сыйға тартты. Құнды құқықтық әдебиеттер қоры заң факультетінің білім алушылары үшін маңызды оқу-әдістемелік базаға айналды.

Айта кетерлігі, бүгінде Жұбанов университетінің 52 түлегі еліміздің прокуратура органдарында еңбек етіп жүр. Сондай-ақ осы саладағы жас мамандардың кәсіби даярлығы бойынша университет республикадағы үздік төрт жоғары оқу орнының қатарына енеді.

В УНИВЕРСИТЕТЕ ЖУБАНОВА ОТКРЫТО ПРОСТРАНСТВО «БУДУЩЕГО ПРОКУРОРА»

В Актыбинский региональный университет имени К.Жубанова прибыла делегация Генеральной прокуратуры РК во главе с заместителем Генерального прокурора Галымжаном Койгелдиевым.

Гости посетили Жубанов университет и кампус Heriot-Watt, ознакомились с работой криминалистического полигона, открытого в прошлом году. Полигон служит уникальной площадкой, где студенты отрабатывают практические навыки расследования уголовных дел в условиях, максимально приближенных к реальности, а также осваивают новые методики и технологии. Здесь представлены современные и традиционные инструменты, применяемые на всех этапах осмотра места преступления. Центр является первой и единственной учебной базой подобного уровня в Западном регионе, где готовят будущих юристов.

Важным событием встречи стало открытие уголка «Будущего прокурора» в библиотеке технического факультета. Здесь студенты могут воспользоваться учебными пособиями и трудами ведущих ученых, посвященными истории и развитию правоохранительной системы Казахстана. В дар университету Генеральная прокуратура передала 200 учебных книг, пополнив фонд библиотеки ценными юридическими изданиями, которые станут надежной основой для подготовки студентов юридического факультета.

Следует отметить, что сегодня 52 выпускника Жубанов университета успешно работают в органах прокуратуры страны. Кроме того, по качеству подготовки специалистов в данной сфере университет входит в четверку лучших вузов республики.

AT ZHUBANOV UNIVERSITY OPENED SPACE THE FUTURE PROSECUTOR

A delegation from the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, led by Deputy Prosecutor General Galymzhan Koigeldiyev, arrived at K. Zhubanov Aktobe Regional University.

Guests visited Zhubanov University and the Heriot-Watt campus, and got acquainted with the work of the criminal polygon, which was opened last year.

The polygon serves as a unique area where students practice practical skills in investigating criminal cases under conditions that are as close to reality as possible, and also learn new methods and technologies.

It presents modern and traditional instruments used at all stages of crime scene examination.

The center is the first and only educational facility of its kind in the Western region, where future lawyers are trained.

An important event of the meeting was the opening of the "Future Prosecutor" Corner in the library of the Faculty of Engineering.

Here, students can use textbooks and works by leading scholars on the history and development of Kazakhstan's law enforcement system.

The General Prosecutor's Office donated 200 educational books to the university, enriching the library's collection with valuable legal publications that will serve as a reliable foundation for law students.

It is worth noting that 52 graduates of Zhubanov University are currently working successfully in the country's prosecutor's offices.

In addition, the university is among the top four universities in Kazakhstan in terms of the quality of training in this field.

Student life

Жақында Орал қаласында өткен «Азаматтық жауапкершілік және волонтерлік: Адамдық құндылықтары негізінде» атты Волонтерлер форумына Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Педагогика және білім берудегі менеджменті факультетінің 4 курс студенті Сымбат Игизғали және Метел тілдері факультетінің 2 курс студенті Темірлан Жолдыбай қатысты. Форумда Сымбат Игизғали «2026 Халықаралық волонтерлер жылы: тұрақты даму жолындағы жаһандық үндеу» тақырыбында баяндама жасаса, Темірлан Жолдыбай «Экологиялық волонтерлік: қоғамдық жауапкершілік не, онда заман талабы ма?» тақырыбында өз пікірін ортаға салды. Айтпа кетейік, Сымбат Игизғали — сертифицирланған волонтер және Ұлттық волонтерлік желінің Батыс Қазақстан облысы бойынша өкілі. Оның волонтерлік қызметіне деген шынайы ықыласы, маңыздылығы мен жауапкершілігі тұрақты ойлары жастарға үлкен үлгі болады. Осы сұхбат барысында біз Сымбаттың волонтерлік өмірімен қатар жүрудің қыр-сырларын білдік..

Сымбат Игизғали: «Волонтерліктің ең үлкен сыйы – адамға жылу сыйлау»

Волонтерлікпен айналысу туралы шешімді қалай қабылдадыңыз? Бұл жол сізді несімен баурап алды?

Волонтерлікке келуім бір күнде болған шешім емес, ол жүрегімдегі «басқаларға көмектескім келеді» деген ықыластан басталды. Алғашында кішкене қолғабыс көрсетумен шектелдім, бірақ уақыт өте оның қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Бұл жол мені адамдарға қуаныш сыйлауымен, жаңа таныстықтармен және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерімен баурап алды. Волонтерлік — тек көмектесу ғана емес, үлкен өмір мектебі.

Сертификатталған волонтер болу қандай жауапкершілікті талап етеді?

Сертификат алғаннан кейін волонтер болу тек ерікті іс емес, белгілі бір кәсіби жауапкершілікке айналады. Себебі сенің әрекетің ұйымды да, қоғамды да танытады. Уақытты дұрыс жоспарлап, берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындау қажет. Сонымен қатар этика, қарым-қа-

тынас мәдениеті және командамен жұмыс істеу қабілеті жоғары болуы тиіс. Сертификатталған волонтер — сенімді, тұрақты және кез келген жағдайда қол ұшын соза алатын адам.

Ұлттық волонтерлік желінің Батыс Қазақстан облысындағы өкілі ретінде қандай міндеттер атқарасыз?

Өңірдегі волонтерлік қозғалысты дамыту, волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарды анықтау, қолдау көрсету және олардың қызметін үйлестіру. Жаңа волонтерлерді тарту және оқыту мақсатында семинарлар, тренингтер өткізу. Волонтерлік қызметтің түрлі бағыттарын — білім беру, экология, әлеуметтік көмек, төтенше жағдайлар — өңірде кеңейту. Мемлекеттік қолдау стандарттарын енгізуді қамтамасыз ету және «Birgemiz: áreket yaquty» жобасы сияқты мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру. Волонтерлік қызметті заңдық-нормативтік тұрғыдан реттеу, стандарттарға

сай болуын қадағалау және өңір тұрғындарына ақпарат тарату — бұлар да негізгі міндеттерім.

Қатысқан волонтерлік жобаларыңыздың ішінде ең қызықтысы немесе есте қалғаны қайсысы?

Әр жоба өз алдына ерекше, бірақ мен үшін ең есте қалғаны — ерекше балалармен жұмыс жасау. Сол кезде біз тек көмек көрсетіп қана қоймай, нағыз командалық рухты сезіндік. Жоба барысында жаңа адамдармен танысып, олардың тағдырын, қуанышы мен қиындықтарын бірге бөлістім. Бұл тәжірибе маған волонтерліктің ең үлкен сыйы — адамға жылу сыйлау екенін көрсетті. Сол күндерден кейін волонтерлік тек уақыт бөлу емес, жүрекпен жасалатын іс екенін анық түсіндім.

Студенттік өмір мен волонтерлік қызметті қатар алып жүру қиын емес пе? Уақытыңызды қалай ұйымдастырасыз?

Студенттік өмір қарбалас, бұл рас. Дегенмен, волонтерлік қызмет мен үшін қосымша іс емес, өзімді дамытуға және жаңа тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін маңызды бағыт. Уақытымды тиімді ұйымдастыру үшін күнделікті жоспар құрып, басымдықтарды нақтылаймын. Сабаққа қатысты міндеттерді дер кезінде орындап, қалған уақытты волонтерлік жобаларға арнаймын. Кейде тығыз кесте шаршатса да, волонтерлік қызметтің маған беретін тәжірибесі мен рухани қанағаты барлық қиындықтарды ақтап шығады деп есептеймін.

Болашақ кәсіби мамандығыңызға қатысты қандай мақсаттарыңыз бен армандарыңыз бар? Волонтерлік бұл жолда қалай көмектесуде?

Менің кәсіби мақсатым — білікті психолог болып, адамдардың өміріне оң ықпал ету. Арманым — тек жеке кеңес берумен шектелмей, қоғамда психологиялық мәдениетті дамытуға, жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Волонтерлік қызмет осы жолда үлкен тәжірибе мектебі болды. Әртүрлі әлеуметтік жобаларға қатысу барысында адамдардың мінез-құлқын, эмоционалдық жағдайын жақсырақ түсінуге, тыңдап, қолдау көрсету дағдыларымды жетілдірдім. Сонымен қатар волонтерлік мені төзімділікке, жауапкершілікке және командалық жұмыста тиімді әрекет етуге үйретті. Бұл қасиеттер кәсіби психолог ретіндегі болашағыма тікелей үлес қосады.

Жастарға волонтерлікпен айналысуға кеңес берер ме едіңіз?

Иә, міндетті түрде кеңес берер едім. Волонтерлік — тек көмек көрсету ғана

Құрметті оқырман!

Студенттік кезеңде оқу ғана емес, университеттің қоғамдық іс-шараларына қатысу және жастар саясатын дамытуға үлес қосу да маңызды. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде қазіргі таңда 30-ға жуық студенттік клуб жұмыс істейді. Олар мәдени-шығармашылық, ғылыми, спорттық, патриоттық, экологиялық, еріктілік сияқты әртүрлі бағыттарды қамтиды. Бұл клубтар өз мүшелерінің бастамалары мен идеяларын қолдап, түрлі іс-шаралар, форумдар, байқаулар мен акциялар ұйымдастырады. Газетіміздің әр санында студенттік клубтар туралы таныстырып отыратын боламыз.

«Zhubanov Zhyluy» Волонтерлер қозғалысы

«Жұбанов Жылуы» — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіндегі белсенді студенттік клубтардың бірі. Бұл қозғалыс жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға, қоғамға пайда әкелуге және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.

Құрылу тарихы:

Клуб 2020 жылы студенттердің бастамасымен құрылған. Алғашында шағын ғана ерікті жастардан құралғанымен, уақыт өте келе клубтың беделі өсіп, бүгінде университет көлеміндегі ірі қозғалыстардың біріне айналды.

Мүшелер құрамы:

Қазіргі таңда «Жұбанов Жылуы» клубының 50-ден астам белсенді мүшесі бар. Олар әр факультеттен жиналған, ортақ мақсат-мүддесі бар жастар.

Мақсаты мен міндеті:



емес, өзіңді дамытуға, жаңа адамдармен танысуға және тәжірибе жинауға үлкен мүмкіндік. Жастар үшін бұл өмірлік дағдыларды қалыптастырудың тамаша жолы: жауапкершілік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынас жасау қабілеті, уақытты тиімді басқару. Сонымен қатар волонтерлік адамның құндылықтарын айқындап, қоғамға пайда әкелудің қаншалықты

маңызды екенін түсіндіреді. Сондықтан әр жасқа волонтерлік қызметті өмірінің бір бөлігіне айналдыруды ұсынамын.

— Өңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан: Жадыра Арен



Ерсұлтан Үсентеміров, «Zhubanov Zhyluy» волонтерлер қозғалысының жетекшісі, экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті

Қоғамдық пайдалы істерге студенттерді жұмылдыру, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, қарттарға, ерекше қажеттіліктері бар жандарға қолдау көрсету, жастар арасында волонтерлік мәдениетті насихаттау және университет ішінде және қала деңгейінде қайырымдылық шараларын ұйымдастыру.

Жетістіктері:

1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жыл қорытындысы бойынша «Үздік мәдени клуб» номинациясының иегері атанды.
 2. "Жыл Волонтері" Халықаралық сыйлығының "Қоршаған ортаны сақтауға және қорғауға қосқан үлесі үшін" номинациясымен марапатталды.
 3. Халықаралық Волонтер күнінде алғыс хат иеленді.
- «Жұбанов Жылуы» — атауына сай мейірім мен жылылық сыйлайтын жастар ұжымы. Клуб мүшелері үшін волонтерлік — тек қоғамдық жұмыс емес, өмірлік ұстаным. Белсенді студенттерді қатарымызға қосылуға шақырамыз!